Вариативті компонент оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-4 сыныптарда «Зерттеу негіздері», 2 - сыныптарға (қазақ) «Қызықты грамматика»,

2-сыныптарға (орыс) «Логика» курстары енгізілді.

Аталған курстар мектептің педагогикалық кеңесінде қаралып бекітілді. (29.08.2022 жыл №1 хаттама)

II.НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЫНЫПТАРЫ (5-9 СЫНЫПТАР):

сыныптар саны – 22

5-сыныптар - 4. 5«А», 5«Ә», 5«Б», 5«В».

6-сыныптар - 5. 6«А», 6«Ә», 6«Б», 6«В», 6«Г».

7-сыныптар - 4. 7«А», 7«Ә», 7«Б», 7«В».

8-сыныптар - 5. 8«А», 8«Ә», 8«Б», 8«В», 8«Г».

9-сыныптар - 4. 9«А», 9«Ә», 9«Б», 9«В».

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға бөлінді.

III.ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЫНЫПТАРЫ (10-11 СЫНЫПТАР):

10-11 сыныптар саны -4

10-сыныптар - 2. 10«А», 10«Ә». 11-сыныптар -2. 11«А», 11«Ә».

Мектептегі 10-11сыныптар жаратылыстану-математикалық бағытта оқиды.

Вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

10 сыныпта - 3 сағат; 11 сыныпта - 3 сағат.

«Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға 1 сағат берілді, 2 сағат элективті курстың 1 сағаты Абайтану курсына, 1 сағаты «Табиғат пен қоғамның өзара әсері» курсына берілді.

Орыс сыныптарында вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

10 сыныпта 2 сағат; 11 сыныпта 2 сағат.

Оның ішінде 1 сағаты «Жаһандық құзыреттілік» курсын оқуға, 1 сағаты Абайтану курсына берілді.

Түсіндірме жазба

Мектептің 2024-2025 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары оқу-тәрбие процесін төмендегідей нормативтік құқықтық база негізінде регламенттейді:- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрықпен, 2023 жылғы 4 қазандағы №303 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

- «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (26.10.2023 жылғы №323, 08.02.2024 жылғы №27 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы (2023 жылғы 05 шілдедегі №199, 05 наурыздағы №54 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген);

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 11 наурыздағы № 60 бұйрығы «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы;

– «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын есепке алғандағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру

қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы **(2023 жылғы 05 шілдедегі №197 бұйрығымен енгізілген өзгерістер)** **(тек қана жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыруға өткен мектептер үшін);**

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2021 жылғы 3 қарашадағы № 547 бұйрығы** «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы»;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. **2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығы** «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы»;

- «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы (ҚР ӘМ 2021 жылғы 6 тамызда №23890 болып тіркелген);

«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. **2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығы (29.05.2024 № 127 өзгерістермен);**

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2024-2025 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат **(Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2024 жылғы 10 маусымдағы № 2 хаттамасы)**

Үйде оқыту бойынша Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің **26.10.2023 жылғы №323 бұйрығының 10, 56 қосымшалары алынды.**

I БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЫНЫПТАРЫ

(1-4 СЫНЫПТАР):

Бастауыш білім беру бойынша 17 сынып бар.

1 сыныптар - 3. 1«А», 1 «В» 1«Ә», 1«Б».

2-сыныптар - 4. 2«А», 2«Ә», 2«Б», 2«В».

3-сыныптар - 5. 3«А», 3«Ә», 3«Б», 3«В», 3«Г».

4-сыныптар - 4. 4«А», 4«Ә», 4«Б», 4«В».

Шетел тілі педагогикалық кеңеспен анықталып, мектепте 3-11 сыныптар аралығында «Ағылшын тілі» пәні оқытылатын болып шешілді.

«Цифрлық сауаттылық» оқу пәні 1- сыныпта екінші жартыжылдықтан бастап оқытылады. Вариативті компонент оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1-4 сыныптарда Абайтану курсы, (Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚКҚ сараптамалық» отырысында қаралып бекітілген №2 хаттама), 2 - сыныптарға (қазақ) «Логикалық математика және ой дамыту», 2-сыныптарға (орыс) «Математика в сказках» (рассмотрено на экспертном совете центра развития образования управления образования Западно-

Казахстанской области и рекомендовано к распространению педагогов области. Протокол №2 от 31.03.2023.) курстары енгізілді.

II НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЫНЫПТАРЫ (5-9 СЫНЫПТАР):

сыныптар саны – 23

5-сыныптар - 5. 5«А», 5«Ә», 5«Б», 5«В», 5 «Г».

6-сыныптар - 4. 6«А», 6«Ә», 6«Б», 6«В».

7-сыныптар - 5. 7«А», 7«Ә», 7«Б», 7«В», 7 «Г».

8-сыныптар - 4. 8«А», 8«Ә», 8«Б», 8«В».

9-сыныптар - 5. 9«А», 9«Ә», 9«Б», 9«В», 9 «Г».

5-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсына оқуға бөлінді.

III ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНІҢ СЫНЫПТАРЫ (10-11 СЫНЫПТАР):

10-11 сыныптар саны -4; 10-сыныптар - 2. 10«А», 10«Ә».

11-сыныптар -2. 11«А», 11«Ә».

Мектептегі 10-11сыныптар жаратылыстану-математикалық бағытта оқиды.

Вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

10 сыныпта - 3 сағат; 11 сыныпта - 3 сағат.

10-11 сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік» курсына оқуға 1 сағаттан берілді, 2 сағат элективті курстың 1 сағаттары «Табиғат пен қоғамның өзара әсері» курсына (Р.Қошқарбаев атындағы №44 орта мектептің әдістемелік отырысында қаралып бекітілген №1хаттама), 10-сыныптың 1 сағаты Анатомия және физиология», 11-сыныптарда «Гендік инженерия» (Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МҚКҚ сараптамалық отырысында қаралып бекітілген №2 хаттама) курсына берілді.

Орыс сыныптарында вариативті компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі: 10 сыныпта 2 сағат; 11 сыныпта 2 сағат.

Оның ішінде 1 сағаты «Жаһандық құзыреттілік» курсына оқуға, 1 сағаты «География и экология» (Р.Қошқарбаев атындағы №44 орта мектептің әдістемелік отырысында қаралып бекітілген №1хаттама) курсына берілді.

Үйде оқитын 6 «В» сыныбына «Логика» курсы жүргізіледі.

Қорытынды: Оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру, бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын жалпы білім беретін пәндерге әр тоқсан сайын толық көлемде өткізіледі. Бағдарламалық материалды игеру тексеріледі, бағдарламаны, ҰМЖ қажет болған жағдайда түзету жүргізіледі. Күнделіктің толтырылуы қадағаланып отырады. МІБ жоспарының мазмұнына байланысты сабақтардың өту деңгейі бақылауда тұрады, нәтижесі директор жанындағы отырыста қаралады.

Оқу жұмыс жоспары, сабақ кестесі мектеп директорымен бекітілген, МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.

[Пдф №25- ОЖЖ](#)

[Пдф №26](#)-сабақ кестесі

[Пдф №27](#)-пед.кеңес

[Пдф №28](#)-директоры жанындағы кеңес

[Пдф № 29](#)- МІБ

**Білім алушылардың субъективті жаңа білімді
меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық
дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық
құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын
іске асыру**

*(2022-2023, 2023-2024, 2024-2025ж бойынша тәрбие жұмысы
жоспарларының көшірмелері қоса берілді) [Пдф№30](#)*

«Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектеп» ШЖҚ МКК барлық тәрбие және білім беру қызметі -балалар мен олардың ата-аналарының қажеттіліктері мен мүдделеріне, мектеп дәстүрлеріне, жеке даму үшін қажетті мәдени мұраға негізделген. Мектептің тәрбие жұмысының негізгі мақсаты-үйлесімді дамыған, шығармашылық және жоғары адамгершілік қабілеті бар, өз Отанына адал, бәсекелестік ортада сәтті әрекет ете алатын, жоғары мәдениетке және азаматтық жауапкершілікке ие болатын тұлғаны қалыптастыру.

Мектептегі тәрбие процесін ұйымдастыру үшін заңнама актілері басшылыққа алынады. Келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

«Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы»,

«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы»

«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы,

«Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 ж. №534 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы, 31.05.2022 ж. №251 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен)

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»(ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы)

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде негізгі құндылықтарды атап өтті:

- Тәуелсіздік және Отаншылдық
 - Бірлік және Ынтымақ
 - Әділдік және Жауапкершілік
 - Заң және Тәртіп
 - Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік
 - Жасампаздық және Жаңашылдық
- Бұл құндылықтар «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізіне айналады.

Әрбір құндылық оқу процесінде жүйелі түрде көрінеді. Әрбір ай тұлғаны қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды қамтиды:

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы
- Қараша – әділдік және жауапкершілік айы
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы
- Қаңтар – заң және тәртіп айы
- Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы
- Наурыз – тәуелсіздік және Отаншылдық айы
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы
- Мамыр – бірлік пен ынтымақ айы

Мектепте тәрбие жұмысының белгілі бір жүйесі қалыптасты. Оның құрылымында ДТІЖО, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, педагог-дефектолог, тәлімгер, кітапханашы, сынып жетекшілер қызметі кіреді. Осылайша, мектептің тәрбие жүйесі сыныптың және жалпы мектептің тәрбие қызметін жоспарлы ұйымдастыруға және дамытуға бағытталған. «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектеп» ШЖҚ МКК тәрбие жұмысы бекітілген оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары негізінде іске асырылады.

МІБ іске асыру көрсеткіштері:

Объективтілігі - әзірленген көрсеткіштер мен өлшемшарттарды көрсете отырып, нормативтік құжаттама негізінде педагогтердің қызметін тексеру; Тиімділігі -тәрбие процесіне қатысушылардың барлығының (сынып жетекшілерінің, әлеуметтік педагогтың, тәлімгердің, психологтың, кітапханашының, пән мұғалімдерінің және т.б.) қызметінде оң өзгерістердің болуы, бақылау барысында анықталған кемшіліктерді жою болып табылады. (2022-2023, 2023-2024, 2024-2025жж мектепшілік бақылау жоспарларының көшірмесі қоса берілді)

[ПДФ №28](#)

<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWNl1M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

1.Тәрбие жұмысы жүйесін құруға бағытталған педагогикалық ұжымның қызметі.

Мақсаты: оқушыларды қоғамдағы өмірге бейімдеу, кәсіби білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдау және одан әрі игеру үшін негіз құру,

азаматтыққа, еңбекқорлыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, қоршаған ортаға, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жоғары білім беру этносаралық қарым-қатынастың рухани-адамгершілік мәдениеті мен жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауы және өзін-өзі жүзеге асыруы.

Оқушылардың соңғы жылдардағы жетістіктері

Оқу жылы	Аудандық	Қалалық	Республикалық	Барлығы
2022-2023	0	22	12	34/3,4%
2023-2024	1	81	6	88/8,7%

Қорытынды: Мектеп оқушылары спорт және өнер фестивальдеріне қатысу көрсеткіші үш жылдың аралығында +5,3% артты. Себебі үйірмелер сабақтарының тиімді өтуіне байланысты, оқушылардың жан -жақты дамуына жағдай жасалған.

<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWNl1M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

1.Оқу-тәрбие процесін әлеуметтік-психологиялық және инклюзивті сүйемелдеу.

Мақсаты: оқу-тәрбие процесін әлеуметтік-психологиялық қолдаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру.

	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Оқу -тәрбие жұмысына әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу жүйесін ұйымдастыру %	100%	100%	

2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында сынып сағаттары мен тәрбие іс-шаралары шеңберінде әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарытуға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастас, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және т.б. формада өткізу ұсынылды;

-құндылықтар тәрбие жұмысының нәтижесі ретінде білім алушылардың мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттері арқылы көрініс табуы үшін сынып сағаттарын сындарлы тәсілдеме негізінде ұйымдастырып, интербелсенді формада өткізілді.

-сынып сағаттары мектептің педагог-психологімен бірлесіп ұйымдастырылды.

Білім алушылардың бойында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда келесі тақырыптар бойынша сынып сағаттарын өткізілді:

«Ар-ұят және жауапкершілік», «Біздің қоғамдағы әділеттілік», «Іс-әрекеттегі мейірімділік», «Мейірімділік құндылығы», «Күнделікті өмірдегі адалдық», «Этикалық құндылықтарды дамыту», «Отаншылдық және оның мәні», «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілік», «Еңбекқорлық және оның табысқа әсері», «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау», «Қоғам игілігіне қызмет ету», «Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті», «Салауатты өмір салтындағы дене белсенділігінің рөлі», «Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері», «Құқықтық мәдениет және оның маңызы», «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық» т.с.с.

Сыныптан тыс іс-әрекеттер шеңберінде әртүрлі формаларын жиынтықта ұйымдастыру білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз етеді.

(2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 ж. бойынша қосымша сабақтар кестесінің көшірмелері, оның ішінде спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса берілді); [ПДФ № 31](#)

<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWNl1M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

Сонымен қатар сабақтан тыс бірлескен жобаларды немесе әлеуметтік тәжірибелерді («Қайырымдылық», «Қарияға қол ұшын соз» және т.б. акциялар) іске асырылды. Тәрбие жұмысын күшейтуге мүдделі мемлекеттік органдарды тартып, кездесулер, бірлескен іс-шаралар, акциялар, жарыстар, жобалар конкурстар, кәсіптік бағдарлау кездесулері, профилактикалық әңгімелер жүргізілді.

Мектебімізге есімі берілген атақты тұлға Рақымжан Қошқарбаев атамызға бағытталған іс-шараларды өткізілді.

Білім беру ұйымы орналасқан өлкенің танымал тұлғаларымен, еңбек ардагерлерімен және мектепті бітіріп, табысты еңбек етіп жүрген түлектермен кездесу ұйымдастырылды.

<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWNl1M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

Білім беру ұйымдары мен мүдделі мемлекеттік органдардың бірлескен іс-шараларын ұйымдастыруда білім алушылардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және олардың жас, жеке, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, іс-шаралардың мазмұны білім беру ұйымының басшыларымен, тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен, педагог-психолог мамандармен алдын ала келісілді. Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ету үшін сыныптан тыс жұмыстар аясында бірлескен жобаларды ұйымдастыра алды.

<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWNl1M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

Мұндай жобалардың мақсаты – білім алушыларды алған білімдерін іс жүзінде қолдануға үйрету, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамыту, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жобалардың көптеген түрлері бар. Мысалы, «Таза аула», «Жасыл мектеп», «Эковолонтерлер», «Экологиялық мониторинг», «Экологиялық туризм», «Үнемді тұтыну», «Қалдық заттарға екінші өмір сыйла», «Мектептегі энергияны үнемдеу», «Судың да сұрауы бар», т.б. Білім алушылардың құқықтық мәдениетін дамытуға бағытталған жобалар практикалық жұмыстардан бастап, ғылыми-зерттеу жобаларына дейінгі іс-шаралардың кең ауқымын қамтыды. Олар: «Менің елім және менің құқығым», «Құқық-квест», «Заңға қосқан үлесім», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Заң мамандықтары». Бұл жобалардың барлығы білім алушыларға өздерінің құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ еліміздің құқықтық жүйесінің 33 жұмысын түсінуге ықпал етеді. Еңбекқорлыққа тәрбиелеу үшін келесі жобалар ұсынылады: «Қолөнер шеберханасы», «Еңбегі адал жас өрен», «Өзің жасап көр», «Аспаздық жоба» және т.б. Ар-ұят, намыс, адалдық, жауапкершілік сияқты құндылықтарды жетілдіру үшін мынадай тақырыптағы жобалар ұсынылды: «Бейбіт күннің қаһармандары», «Өнер мен құндылықтар», «Тарихқа құрмет», «Менің отбасымның өмірлік жолы», «Уақытты басқару және өзін-өзі ұйымдастыру» және т.б. Салауатты өмір салтының маңыздылығын түсінуі және денсаулықты нығайтатын әдеттерге дағдылануы үшін келесі жобалар тақырыптары ұсынылды: «Күнделікті пайдалы тағам», «Зиянды әдеттен аулақ бол», «Спорт және мен», «Қауіпсіздік және алғашқы көмек», «Психологиялық әл-ауқат және күйзеліске төзімділік», «Экранға тәуелділік: жаман әдет» және т.б.

<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWN11M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

Оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетінің формаларына мыналар жатады:

- ❖ Пәндік және тақырыптық үйірмелер
- ❖ Оқушылардың ғылыми және жобалық-зерттеу қызметі
- ❖ Спорт секциялары
- ❖ Ұжымдық шығармашылық істер

(ТЖ бойынша есептің көшірмесі қоса беріледі) [Пдф №32](#)

<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWN11M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

Ата-аналар қоғамы

Ата-аналар қоғамымен бірігіп, келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді:

- ❖ Білім алушылардың отбасылық жағдайлары психологиялық-педагогикалық жағынан диагностикаланып, отбасының психологиялық атмосферасы, оның тәрбиелік әлеуеті анықталды.

- ❖ Жеке жұмыстар ұйымдастырылып, психологиялық-педагогикалық білімді насихаттау арқылы ата-аналардың педагогикалық мәдениеті артты;
 - ❖ Ата-аналардың оқу-тәрбие процесін басқаруға қатысуы ұйымдастырылды;
 - ❖ Ата-ана белсенділігіне әдістемелік көмек (Мектеп Кеңесінің мүшелеріне, мектеп ата-аналар комитетіне, үйірмелер мен секциялар басшыларына, ұжымдық шығармашылық істерді ұйымдастырушыларға);
 - ❖ Кеңес беру арқылы проблемалы отбасылармен жеке жұмыс, ата-аналар жұртшылығы мен алдын алу жүйесінің ұйымдарын тарта отырып, көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі Кеңестің отырысына шақырылды.
 - ❖ Педагог - психолог, әлеуметтік педагогтары әр отбасымен белсенді жұмыс жасады.
 - ❖ Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға ата-аналардың көмегі тиді.
 - ❖ Қамқоршылық кеңесі спорттық-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру, әлеуметтік-мәдени, білім беру іс-шараларын өткізілді;
- <https://www.instagram.com/p/C4aSZsWNl1M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

Өзін – өзі басқару

Өзін-өзі басқарудың мақсаты -жеке қажеттіліктерді қанағаттандыру білім алушылардың азаматтық құқықтары мен мүдделерін қорғауға, мектептің өзекті мәселелерін шешуге қатысуға бағытталған.

Өзін-өзі басқару принциптері:

- ❖ Теңдік-мұны қабылдаған кезде әркімнің шешуші дауыс беру құқығы болуы керек
- ❖ Сайлау -өкілеттіктер сайлау нәтижесінде алынады.
- ❖ Ашықтық пен жариялылық, өзін-өзі басқару органдарының жұмысы барлық оқушылар үшін ашық болуы керек.
- ❖ Заңдылық -құқықтық және нормативтік актілерді мүлтіксіз сақтау.
- ❖ Орындылығы - өзін-өзі басқару органдарының қызметі оқушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға бағытталуы керек.
- ❖ Адамгершілік - өзін-өзі басқару органдарының әрекеттері адамгершілік принциптеріне негізделуі керек.
- ❖ Көркемөнерпаздар -шығармашылық, белсенділік, оқушылардың дербестігі.
- ❖ Жауапкершілік - атқарылған жұмыс және оның нәтижелері туралы өз сайлаушыларына үнемі есеп беру қажет. (2022-2023,2023-204,2024-2025ж бойынша өзін-өзі басқару жоспары, Есеп) - [Пдф№33](#)

<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWNl1M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

ЖОО, ЖОО-ның кәсіптік бағдарлау жұмысы

Мектептегі кәсіптік бағдарлау жұмысының мақсаты:

◆ оқу бейіні мен болашақ кәсіптік қызмет саласын таңдау процесінде оқушыларға кәсіптік бағдар беру;


◆ өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында оқушылардың кәсіби өзін-өзі айқындауын қалыптастыру;

Оқушыларға ақыл-кеңес беріліп, мамандық таңдау жұмыстарын жүргізілді. Кәсіби білім беру мекемелерімен бірлесіп, жұмыстар ұйымдастырылды;

Кәсіптік бағдар беру бойынша жұмыстар:

Оқушылардың өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне сәйкес және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтау, дамыту мақсатында колледж, жоғары оқу орындарымен тығыз жұмыстар атқарылады.

Оқу жылы	2022-23 оқу жылы		2023-24 оқу жылы	
	9 сынып	11 сынып	9 сынып	11 сынып
Барлығы	95	54	81	39
Колледж	46	2	33	5
10 сынып	49	0	48	0
ЖОО	0	46	0	30
Жұмысқа орналасқаны	0	6	0	4



Қорытынды: 2022-23 оқу жылында 11 сынып оқушыларының орналасуы 89% ЖОО мен колледжге түссе, 2023-2024 оқу жылында 90% құрап отыр.

<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWN1M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

АІБ қауымдастықтарымен ынтымақтастық

Құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылдың мақсаты- мектеп пен ішкі істер органдарының өзара іс-қимылы барысында жоғары сынып

оқушыларын әлеуметтік қорғау болып табылады. Бұл баланың ішкі әлеуетін іске асыруға ықпал ететін жағдайлар жасау, оның әртүрлі әлеуметтік әсерлерге дербес жауап беру және қоршаған ортаның жағымсыз әсерлеріне қарсы тұру қабілеті, баланың өмірінде туындайтын мәселелерді шешуде барабар және уақтылы көмек көрсету арқылы жүзеге асты.

<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWNl1M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

Наркопост

Мектептегі есірткіге қарсы жұмыс - есірткі бекетінің күнтізбелік жоспарына сәйкес жүзеге асырылды. Жұмыс жоспары бойынша өткізілген барлық іс-шаралар білім алушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, өмір сүру сапасын арттыру сияқты басты мақсатты іске асыруға және оған қол жеткізуге бағытталған.

<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWNl1M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

ЖИТС орталығы

Мақсаты: оқушылар, заңды өкілдер, УО қызметкерлері, жұртшылық арасында АИТВ - инфекциясын өткізу арқылы өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау және нығайту.

Бүкіләлемдік ЖИТС-ке қарсы күрес күндерін атап өту аясында Астана қаласының ЖИТС орталығының мамандары жылына екі рет №44 орта мектеп оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында орталықтың мамандары оқушыларға АИТВ және ЖИТС, жұғу жолдарымен алдын алу шаралары және «Стигма мен кемсітушілік» туралы толық ақпарат берді. Сонымен қатар АИТВ-жұқпасының қаладағы эпидемиологиялық жағдайымен таныстырды. Кездесулер барысында АИТВ-жұқпасының алдын алуға арналған бейнероликтер көрсетіліп, қатысушыларға ақпараттық-ағарту парақшалары үлестірілді.

<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWNl1M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

ІІБ ӘПБ

Мақсаты- мектептің, жол полициясы инспекторларының, жол инспекторларының, сондай-ақ ата-аналардың жол қозғалысы қауіпсіздігін насихаттау және балалардың жол-көлік жарақаттануының алдын алу бойынша нәтижелі өзара іс-қимылы.

<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWNl1M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

СӨС

Мақсаты: Мектептің ата-аналары мен мұғалімдерінің салауатты өмір салтына деген саналы қажеттілігін қалыптастыру, ал олар арқылы білім алушылардың денсаулығын жақсарту үшін қажетті жағдайлар жасау.

Педагогикалық-психологиялық қызмет

Педагогикалық-психологиялық қызмет өз қызметін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы негізгі және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырады. Жұмыстың басым бағыттарын таңдау берілген оқу орнының қажеттіліктерімен анықталады.

Психологиялық қызметтің мақсаты – оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, білім беруді ұйымдастыруда қолайлы әлеуметтік-психологиялық климат құру және оқушылар мен олардың ата-аналары мен педагогикалық ұжымға психологиялық қолдау көрсету.

Психологиялық қызметтің шешілетін негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- ❖ оқушылардың жеке және интеллектуалдық дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- ❖ қарқынды дамып жатқан ақпараттық қоғамда оқушылардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;
- ❖ оқушының тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде әрбір оқушыға жеке көзқарас таныту;
- ❖ психологиялық диагностика жүргізу және оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- ❖ оқушылардың психологиялық қиындықтары мен мәселелерін шешу, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша түзету жұмыстарын жүргізу;
- ❖ психологиялық мәселелерді шешуде және тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін жүргізуде ата-аналар мен мұғалімдерге кеңестік көмек көрсету;
- ❖ мұғалімдердің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

2021-2023 оқу жылдары аралықтарында мектебімізде екі психолог мамандары: Нурбулатова Ж.Н., Сейтказиева Ш.Е. жұмыс жасады. Екі маманның да білімдері жоғары, білім беру ұйымдарында жұмыс жасаған тәжірибесі бар психологтар. Психологтардың кабинеті жеке бөлмеде орналасқан. Заманауи талапқа сай қажетті құралдармен қамтамасыз етілген. Психологтардың жұмысы- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен, педагогикалық және медициналық қызметкерлермен, мектеп инспекторларымен, қорғаншылық органдарымен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

Психологтар жүргізген жұмыстардың есебі:

- 1–11 сынып оқушыларының білім деңгейін диагностикалау
- Сауалнама «Мұғалім оқушы көзімен». 6-11 сыныптар
 - «Жалпы өзін-өзі бағалауды зерттеу», «Мазасыздық пен депрессия» диагностикасы.
- «Мектеп мотивациясының анықтамасы». 4-6 сыныптар
- 2-11 сынып оқушылары арасында «Социометрия» әдістемесі.
- Темперамент типін анықтау диагностикасы «Айзенк сауалнамасы». 9-11 сыныптар
 - «Мамандық картасы» диагностикасы. 9-11 сыныптар
 - Білім деңгейінің диагностикасы. 1-сынып

- «К.Леонгардтың характерологиялық сауалнамасы» диагностикасы.
- 2-4 сынып оқушыларының ақыл-ой қабілеттерінің деңгейін диагностикалау.
- 5-11 сыныптар үшін IQ деңгейін диагностикалау.
- Балалардың 1-сыныпқа психологиялық дайындығын тексеру үшін мектеп жасына дейінгі балаларды зерттеу.
- 11 сынып оқушыларымен ҰБТ-ға психологиялық дайындық тренинг сабағы.
- 1, 5, 10 сынып оқушыларының бейімделуін түзету.

Аутодеструктивтік кейіпкерді анықтау мақсатында 9-сыныптың 87 оқушысына Шмишек «Кейіпкерлердің акцентуациясы» сауалнамасы арқылы диагноз қойылды. Сауалнама нәтижелері бойынша, онлайн-диагностикалық нысанда оқушылардың өтінішімен ұсыныстар беріліп, кеңестер айтылды.

Ата-аналар мен сынып жетекшілері үшін «Зорлық-зомбылықсыз отбасы» баяндамасы әзірленіп, олар тренинг сабақтарында баяндалды. 8-9 сынып оқушылары үшін коммуникациялық тренингтер өткізілді. 10-сыныптардағы психологиялық микроклиматты бағалау үшін диагностикалық әдістемелер кешенін қолдану арқылы диагностикалық тексеру жүргізілді: «Дж Морено социометриясы» – топтың бірігу коэффициентін анықтау.

Бұл сауалнаманың нәтижелері сыныптардағы микроклиматтың сипаты туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сауалнама 10-сыныптарда жүргізілді. Әр сыныпта топ бірлігінің көрсеткіші анықталды. Айта кету керек, екі сыныпта дерлік жоғары көрсеткішке жақын біріктіру деңгейі бар, бұл жеткілікті қолайлы микроклиматты көрсетеді.

10-сыныптың аудиториялық топтарында тұлғааралық қарым-қатынас тренингтері өткізілді. Нәтижелерімен және ұсыныстарымен мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері мен мұғалімдері таныстырылды. Кейбір оқушылармен жеке жұмыс жасау әдістері талқыланды.

Социометриялық зерттеулер нәтижелері бойынша сынып жетекшілеріне сыныптармен әрі қарай жұмыс істеу бойынша ұсыныстар берілді. 5-сынып оқушыларына «Менің көңіл-күйім» және «Баспалдақ» проективтік әдістемесі өткізілді. Психотехниканың мақсаты – бастауыштан орта білім беру буынына көшкен кездегі оқушылардың эмоционалдық күйі және өзін-өзі бағалауы.

Бастауыш мектепте мазасыздық деңгейін бақылау үшін балалардың суреттері үнемі жаттығады. Бұл пән мұғалімдерімен тығыз қарым-қатынас жасаудың (көркем шығарма, өзін-өзі тану) арқасында мүмкін болды. Бұл сабақтар жағдайды, отбасындағы қарым-қатынасты, оқушылардың көңіл-күйін және т.б. бақылауға мүмкіндік беретін тақырыптарды қамтиды. Ситуациялық күйлер ғана емес, динамикасы да байқалады.

Мектепке дейінгі кезеңде ата-аналармен, оқушылармен және мұғалімдермен әңгімелесулер мен консультациялар өткізіледі. Бұл қиын

кезеңде шиеленісті жеңілдетуге көмектеседі; Өлеуметтік мониторинг жүйелі түрде жүргізілді.

Ата-аналар жиналысында балалардың интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша презентациялар баяндалды. Белгіленген кезеңде оқушылардың ешқайсысы «тәуекел тобына» кірген жоқ. Мазасыздығы мен агрессивтілігі жоғары балалар, сондай-ақ бейімделмеген оқушылар табылмады.

Мектепте оқушылар қорғаған постер жұмысы дәлізге қойылған. Онда орта және жоғары сыныптарда өткізілген интеллектуалдық олимпиадалардың нәтижелері көрсетілген. Сондай-ақ оқушылар арасында «Үздік мұғалім», «Үздік сынып жетекшісі» рейтингтерін өткізу тәжірибеден өтеді. «Мен өмірді таңдаймын» стенді бар, онда қиын өмірлік жағдайларға тап болған және одан абыроймен шыққан адамдардың өмірінен мысалдар келтірілген. Стендтегі материалды оқу процесінің барлық қатысушылары жаңартады. Стендтерде қызықты психологиялық материалдар, жаттығулардың барлық түрлері, кеңестер және т.б. қажетті ақпараттар қойылады.

Мектептің психологиялық қызметі өз тәжірибесінде тәрбие мәселелерінде ұлттық дәстүрлердің ерекшеліктерін зерттеу мақсатында ұлттық диаспоралармен байланыс жасау тәжірибесіне ие. Психологиялық қызмет жас мұғалімдермен және тәжірибесі мол мұғалімдермен жұмыс істейді. Тренингтер, консультациялар және сыныпқа бару қарастырылған. Барлық жүргізілген жұмыстар мектепте тұрақты және қалыпты жағдайды сақтауға мүмкіндік береді.

Диагностика, сауалнама және тестілеу негізінде психологтар мектеп оқушыларымен түзету жұмыстарын жүргізеді. Мектептің психологиялық қызметі үнемі оқушылармен, ата-аналармен, мектеп мұғалімдерімен кеңестер мен әңгімелесулер өткізіп тұрады. Олар әртүрлі журналдарға жазылады. Оқушылардың ата-аналары үшін психологтар әртүрлі жас топтары үшін өзекті психологиялық-педагогикалық мәселелер бойынша жадынамалар мен ұсыныстар дайындайды. Алдағы уақытта оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жалғастыру жоспарлануда.

Балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың белсенділігін арттыру мақсатында ата-аналармен жұмысты жандандыруда.

<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWNl1M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы жұмыс

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Оқушылар саны	980	1009	970
Көп балалы отбасылардан шыққан балалар саны	294	314	311
Қиын оқушылар саны	-	-	-
Аз қамтылған отбасылардан шыққан	130	95	100

оқушылар саны			
Қамқорлықтағы балалар	4	5	5
Мүгедек балалар	9	17	9
IDN есебінде балалар тұрған, құқық бұзушылықтар жасаған оқушылар саны	0	0	0

<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWN11M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

Жұмыс бағыттары:

Мемлекет тарапынан назар аударуды талап ететін балалармен профилактикалық жұмыс; Ата-аналармен жұмыс; СӨС насихаттау ;ББЗ, қаңғыбастық және құқық бұзушылық; НОА, экстремизмнің және терроризм; Мектеп профилактикасы кеңесінің жұмысы; Штабтың көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі жұмысы; Қыркүйек-қазан айларында отбасылардың әртүрлі санаттары бойынша әлеуметтік қауіпті жағдайдағы отбасылар, көп балалы отбасылар, толық емес отбасылар, қамқоршысынан айырылған, аз қамтылған қамтылған отбасылардың тізімдері жасалды. Жыл бойы қажет болған жағдайда тізімдер тексеріліп, түзетілді. 1-11 сыныптардың оқушылардың әлеуметтік паспорттары жасалды., (мектептің әлеуметтік паспорты) [Пдф № 34](#)

Мектеп асханасы бойынша оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру мәселелері шешіліп, денсаулық бұрыштары ақпараттық парақтармен ресімделді. Денсаулық сақтау бойынша тақырыптық сынып сағаттары өткізіліп, онда денсаулықты сақтау, гигиена, ұқыптылық, тазалық мәселелері талқыланды. Ай сайын құқық бұзушылықтардың алдын алу кеңесінің отырыстары өткізіліп, хаттамалары толтырылды. Барлығы: 9 отырыс өткізілді, онда қаралған мәселе - құқық бұзушылықтар саны-0 (2022-2023, 2023-2024, 2024-2025ж бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу жоспары, хаттамалары) [Пдф №35](#)

Жыл бойы білім алушылармен "Менің демалысым", "Менің үлгерімім", "Менің болашағым", "Менің ішкі әлемім", "Мен және мектеп" тақырыптарында әңгімелер жүргізіледі. Жаман әдеттердің алдын алу бойынша оқушылармен, ата-аналарымен жұмыс жүргізілді. Жыл бойы ата-аналар оқушыларды тәрбиелеуде мектеппен бірлесе отырып, ашық есік күндеріне белсене қатысты. Ата-аналармен мынадай жұмыс түрлері жүргізілді:

- ❖ ата-аналар жиналыстары, рейдтер және кеңестер;
- ❖ жеке әңгімелер;
- ❖ сауалнамалар;

ББЗ алдын алу, СӨС насихаттау бойынша жұмысты кеңейту мүмкін болды.

Есепті кезеңде оқушылар мен олардың ата-аналарына қатысты есірткіге қарсы сипаттағы бірқатар профилактикалық іс-шаралар өткізілді. 1-11 сынып оқушыларымен "Есірткіге жол жоқ", "Темекі шегу - денсаулыққа

зиян келтіру!" атты пікірсайыстар өткізілді. Бүгінгі таңда мектебімізде экстремистік сипаттағы көріністер тіркелген жоқ, ұлтаралық қақтығыстар, кәмелетке толмағандар арасында бейресми ұйымдарға тіркелген оқушылар жоқ.

Жалпы мектепшілік іс-шараларды өткізу жұмысы алуантүрлі. Іс-шаралардың саны өте көп, іс-шараларды дайындау және өткізу деңгейі жыл сайын артып келеді. Бұл, ең алдымен, сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдерінің іс - шараларға өзара қатысу жүйесінің орнатылғандығына байланысты. Оқушылардың, ата-аналардың және сынып жетекшілерінің мотивациясын көтеру мақсатында тәрбие бөлімі мен мектеп Парламентімен ұйымдастырылған жыл соңында "Ең үздік сынып " рейтингтік байқауы өткізіліп тұрады.

Қорытынды: үш жылдағы салыстырмалы талдау мектепте білім беру процесін ұйымдастыру және басқару жүйесі бар деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл мектептің дамуын инновациялық даму деңгейінде жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Мектепте тәрбие жұмысының жүйесі қалыптасты, тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына көп көңіл бөлінеді, бүкіл тәрбие процесінің өзегі адамгершілікке тәрбиелеу және руханиятты қалыптастыру болып табылады.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарын, жеке тұлғаның танымдық қажеттіліктері мен сұраныстарын, қоршаған ортаның әлеуетін ескере отырып, оқу - тәрбие процесін ұйымдастыру үшін барынша қолайлы жағдайлар жасау басты назарда. Жалпы, тәрбие жұмысының жоспарында қойылған мақсаттар мен міндеттер іске асырылады.

Мектеп оқушыларының әлеуметтік паспорт бойынша аналитикалық мәліметтері.

Мақсаты: мектептің әлеуметтік паспортын анықтау, “тәуекел топтағы отбасыларды анықтау.” Мектептің 3 жылдық әлеуметтік паспортына сараптама жасау барысында төмендегідей көрсеткіштер байқалды.

Р/с	Мектеп бойынша	Оқушы саны
1.	Жалпы оқушы	1009
1.1	Қыздар саны	491
1.2	Ұлдар саны	518
2.	Сыныптар жиынтығы:	
2.1	Жалпы сынып	44
2.2	1-4 сыныптар	405 (18)
2.3	5-9 сыныптар	512 (22)
2.4	10-11 сыныптар	82 (4)
2.5	Мектеп алды даярлық	12
3.	Отбасы құрамы:	
3.1	Толық отбасылар саны	830
3.2	Толық емес отбасылар (ата – ананың біреуінен айырылуы)	37
3.3	Толық емес отбасылар (ата – аналары ажырасқан)	84
3.4	Толық емес отбасылар (жалғыз басты ата – аналар Форма №4)	34
3.5	Көп балалы отбасылар	219
3.6	Аз қамтылған отбасылар	78
3.7	Жетім балалар	3
3.9	Патронат	0
4.	Жайсыз отбасы (ішімдікке салынған, нашақор, түрмеде жатқан)	0
4.1	Отбасында жалғыз балалар саны	44
4.2	Сенімхатпен туыстарында тұратын оқушылар	9
4.3	Өгей анамен тұратын оқушылар	21
4.4	Өгей әкемен тұратын оқушылар	
5.	Ұлттық құрамы	
5.1	өзбек	5
5.2	қырғыз	4
5.3	әзірбайжан	7
5.4	кәріс	13
5.5	татар	8
5.6	түрік	1
5.7	ингушка	13
5.8	украин	6
5.9	тәжік	1
6	беларус	7
6.1	неміс	8
6.2	молдован	1
6.3	поляк	2
6.4	чечен	4
6.5	грек	2
6.6	башкир	2
6.7	удмуртка	1
6.8	дүнген	1
7	қазақ	748
7.1	орыс	154
7.2	ұйғыр	1
Барлығы:		87
7.3	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (АСП)	43
8.	Есепте және қолдау орталығында тұрған оқушылар	
8.1	Тәуекел тобы	0
8.2	Қалалық есепте	0
8.3	Іздеуде	0
8.4	Балаларды қолдау орталығы (ЦПД)	0

«Мектепке жол» акциясы аясында

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан 26 оқушыға;
- 2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан 0 оқушыға;
- 3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын 2 оқушыға;
- 4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан 1 оқушыға;
- 5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жататын 66 оқушыға, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін 8 оқушыға 41000 тг жеке шоттарына аударылып көмек көрсетілді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің жанындағы "Еріктілер кеңесінің" мүшелері Астана қаласы Алматы ауданының әкімдігі 12 оқушыға мектеп құралдарын берді.

Кәсіпкер, жылжымайтын мүлік бойынша эксперт- Алимбаев Мерей 3 отбасының балаларының толық мектеп формасымен қамтамасыз етіп, оқу құралдарын алуға көмек жасады. Алматы ауданының әкімдігі, "Жалпыға бірдей білім беру қорынан" көмек ала алмайтын 10 оқушы мектепке қажетті заттармен қамтамасыз етті. «Халық банк» 100 жылдық мерейтойына орай, 100 игі іс акциясы аясында, 1 сыныпқа келген 10

оқушыға мектеп құралдары таратылды. 7 оқушыға әртүрлі демеушілік көмектер көрсетілді.


Әлеуметтік осал топтан шыққан оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтылды. Әр түрлі жағдайдағы балаларды анықтау мақсатында рейдтер жүргізілді.

Әлеуметтік санаттары	2022-2023	2023-2024	2024-2025
АӘК	43	26	21
ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен	3	0	9
жетім	3	2	5
төтенше жағдай	3	1	2
өзге санат	78	66	63
барлығы	130	95	100




Әлеуметтік осал топтан шыққан оқушыларға берілген қаржылық көмек

1-4 сынып оқушыларының тегін ыстық тамақпен қамтылуы



5-11 сынып оқушыларының тегін ыстық тамақпен қамтылуы




Пдф.№46 -тамақтану келісім шарты

"Жасыл ел" көгалдандыру бағдарламасы өз қызметін 1 мамырдан бастап және тамыз айының соңына дейін жалғастырды. Біздің мектептен 14-16 жас аралығындағы 35 оқушы іріктелінді. Әрбір ай сайын әр оқушының жеке шотына 64564 теңге жалақы түсіп отырды. Бұл жазғы еңбек практикасында мектеп алаңын көгалдандыру және «өсімдіктерді отырғызу, суару, әртүрлі бөліктеріндегі өсімдіктерді түптеу және мектеп айналасындағы, ішкі және сыртқы жұмыстар қамтылды. Бұл бағдарламадағы басты бағыт – табиғатты қорғау, экологияны сақтауға ғана емес, жастардың тәрбиесі мен еңбекке баулу. «Бағдарламаның тағы бір тиімді тұсы – жастарды еңбекке тарту. Бұл - оқушыларға, әрі Қазақстан бойынша жұмыспен қамтылмаған жастарға ресми жұмысқа орналасуына берілген бірегей мүмкіндік. Мақсаты:

1.Оқушыларға экологиялық тәрбие беру арқылы олардың дүниетанымын, табиғатты қорғау қабілеттерін арттыру

2.Табиғатты, қоршаған ортаны аялауға, қорғауға, тазалығын сақтауға, қамқорлық жасауға, мейірімді болуға, жауапкершілікке тәрбиелеу.

«Жасыл ел» жобасына қатысқан оқушылар көрсеткіші



<https://www.instagram.com/p/C4aSZsWNl1M/?igsh=bmwwZTI5NXhsYWw3>

Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған оқу процесін ұйымдастыру. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін мектепте барлық жағдайлар жасалған. Мектеп ғимараты мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған нормаға сәйкес негізгі талаптарға сәйкес келеді: лифт бар, барлық сатылар мен пандус - тұтқалар, қозғалыс жолдарының бедерлі тактильді белгілері, тақтайшалар мен көрсеткіштер, жуынатын бөлме, шақыру түймелері. Пандустары, тұтқалары, табалдырығының биіктігі, есік саңылауларының ені, барлық кіру алаңының өлшемдері мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін кедергісіз орта талаптарына сәйкес келеді.

Сонымен қатар, мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі жұмыс істейді.

Педагогикалық-психологиялық қолдау:

Білім алушылардың ерекше білімге қажеттілігін анықтау және бағалау;
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін білім алушылардың отбасына, педагогтарға консультациялық-әдістемелік көмек көрсету;


Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды табысты оқыту, дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық жағдайлар жасау. Жалпы білім беретін оқу бағдарламасы баланың даму ерекшеліктеріне сәйкес келеді, оқыту ПМПК ұсынымдарымен және мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің шешімімен жүргізіледі

2023-2024 оқу жылы дефектолог маманның қызметі келесі бағыттар бойынша ұйымдастырылды: диагностикалық, түзете даму жұмыстары, ағартушылық және профилактикалық, әдістемелік және аналитикалық бағыттардан.

Диагностикалық шаралар жыл бойы жүргізілген мерзімдері: оқу жылының басталған уақытта, ағымды диагностика, динамикалық тексеру жұмыстары жүргізілді. Балалардың дамуындағы ауытқушылықтар, оқушылардағы зерделік, сенсорлық бұзылыстарды саралай диагностикалау жұмыстары жүргізілді.

Диагностика барысында пайдаланған құралдар: «Уақытпен бағдарлу», «Түс», «Не неден жасалған», «Кеңістікте бағдарлау», «Заттардың пішіні», «Әліппе», «Математика», «Қазақ тілі» т.б.

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың жетістіктері



2022-2023 оқу жылында: «Бірге жасау көңілді» қалалық жоба – байқауына қатысып Тоқсан Дария III орынға ие болды. Дипломмен марапатталды

2023-2024 оқу жылында: 1. «Бірге жасау көңілді» қалалық жоба – байқауына қатысып Ерболат Әлиби дипломмен марапатталды

«Бірге жасау қызықты!» жалпы білім беру мекемелерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар арасында өткізілген қалалық байқаудың жеңімпазы - Тоқсан Дария III орынға ие болды. Дипломмен марапатталды.

Республиканский творческий конкурс с международным участием. Конкурс – для детей с ограниченными возможностями Дипломом I степени награжден Кайдаров Нурали.

«Шексіз өмір» атты Республикалық фестиваліне қатысып Зеленая Раиса I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Қорытынды: жыл сайын ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар арасында жеңімпаздар саны көбеюі байқалады. +4; Сынып

жетекшілері пән мұғалімдері мен ата-аналардың өзара іс-қимылын оңтайлы ұйымдастыруына байланысты. [Пдф№36](#)

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейіндік оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)

Қосымша сыныптан тыс іс-шараларды, үйірмелерді, секциялар мен факультативтерді ұйымдастырудың негізгі мақсаты -баланың таланттарын ерте анықтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту, оның қызығушылықтарының жан-жақты шеңберін қалыптастыру, өзін-өзі кәсіби анықтауға көмектесу болып табылады.

Профилактикалық және оқу іс-шаралары нұсқамалар, сабақтар (практикалық және теориялық) түрінде: 1) объект қызметкерлерімен; 2) педагогтермен; 3) объектінің білім алушыларымен, олардың ата-аналары (заңды өкілдері); 4) объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тұлғалармен өткізіледі.

Білім алушылармен, профилактикалық іс-шаралар білім беру-тәрбие процестері, арнайы сабақтар, сынып сағаттары, тәрбие жұмыстары аясында жүзеге асырылады.

Жоспарлы нұсқама объект ұжымының әрбір тобы үшін (қызметкерлер, педагогтер, объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тұлғалар, білім алушылар, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес) жылына кемінде екі рет өткізіледі.

Іс-шара аяқталғаннан кейін оның нәтижелері - нысан бойынша терроризмге қарсы қорғау жөніндегі оқу іс-шараларын есепке алу журналына енгізіледі.

Объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспорты терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органдар объектідегі терроризм актілерінің салдарларының алдын алу, іс-шараларды жоспарлаған кезде оларды пайдалануға арналған.

екінші топтағы объектілер кіруді бақылау және басқару жүйелерімен (турникеттер) жарақтандырыған. Қызмет көрсететін «SKE-лидер» келісім шарт №21 14.02.2024ж. [пдф №53](#)

Мектеп ғимараттарда орналасқан объектіде бейнебақылау жүйесі мыналармен жабдықталады:

- 1) объектіге іргелес аумақтың периметрі;
- 2) бас және қосалқы кіру есіктері. Мектептің білім алушыларды сабаққа жіберуге арналған барлық кіру есіктері жабдықталады;
- 3) объектіде адамдар көп болуы мүмкін орындар (спорт және акт залдары, асханалар, фойе, киім ілетін орындар, спорт пен демалуға арналған алаңдар)

Бейнебақылау автоматтандырылған режимде жұмыс жасайды. Объектілер қызметкерлерді, білім алушыларды және объектіге келушілерді штаттан тыс жағдайдың туындауы (терроризм актісінің жасалу қаупі немесе жасалуы және туындаған салдарлар туралы) туралы жедел хабардар ету және олардың іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында хабардар ету жүйелерімен және құралдарымен жарақтандырылған.

Дабыл беру құралы (мобильді) (дабыл түймесі) объектіде терроризм актісінің жасалу қаупі туралы уәкілетті органдарды уақтылы хабардар ету мақсатында орнатылды. Қызмет көрсетеді- ТОО ОФ «Нұрсултан» Келісім шарт 16.01.2024ж. №13 [пдф№ 52](#)

Қорытынды: мектептің санитариялық-эпидемиялық жағдайы қағидалар мен гигиеналық нормативтерге сай, оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып мектеп ғимаратында ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін жағдай жасалған. Барлық кабинеттер жиһазбен толық қамтамасыз етілген: столдар, орындықтар, шкафтар, интерактивті тақта, проекторы, моноблоктар бар. МЖМБС талабына бойынша, білім алшылардың қауыпсыздығы толық қамтамасыз етілген.

ҮІІ.АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНА ҚОРЫ

Ақпараттық ресурстар

Мектептің білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету мақсатында "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы басшылыққа аланады.

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етілген:оның ішінде компьютерлік сыныптар-2

Компьютерлердің саны -362 оның ішінде компьютер-10, моноблок-79, ноутбук-183, нетбук-60, планшет-30

Интернет желісіне қосылған компьютерлермен жабдықталуы- 362

Лингофондық кабинет-1

Интерактивті тақта-12

Интерактивті панель-1

Проектор-14

1 компьютерге -3 оқушыдан келеді.

Білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің (Kundelik.kz, Opig.kz, Open.kz, bl.orleu-edu.kz, Kitap kz, Zhastar.org, topig.kz, dilim lend kz. т.б.)

№ 570 бұйрықпен бекітілген білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес өзекті дерекқорлары бар ҰБДҚ және әкімшілік деректері ҰБДҚ-мен сәйкес келетін білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесі қызмет жасайды.

edu. kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атауы; [пдф№55 44sh-bilim@edu.kz](#) интернеттің жылдамдығы 100 Мбит/с,

Робототехника кабинетінде- робототехникалық жиынтықтары, 3D-үлгілеуі бар.

STEM – №155 2018-11-20 «Өнім беруші» деп аталынатын "Болашақ Инжиниринг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, [пдф №56](#) STEM зертханасында кабинетке арналған жиһаз, оқытудың техникалық құралдары, математикалық зерттеулер секторы, жаратылыстану-ғылыми эксперименттер секторы, инженерлік жобалар мен технологиялар секторы, бағдарламалық жасақтама жабдықталған.

Білім беру ұйымдары үшін "Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына байланысты

мектептің үй-жайларында және аумағында бейнекамералар орналысқан: барлығы-45 оның ішінде -24 ЖБО (ЦОУ)-ға қосылған

Цифрлық білім беру ресурсы қазақ және орыс тілдерінде бақылау қималарын және білім мониторингін жүргізу жөніндегі материалдарды қамтиды. Пайдаланушыға кез-келген уақытта жергілікті және мобильді құрылғыларда пәндік тестілеу және толық тестілеу әрекеттерінің шексіз саны, сондай-ақ қателермен жұмыс істеу, әр пайдаланушының нәтижелерін талдау және бақылау мүмкіндік жасалған. Әрбір білім алушы үшін Ұлттық бірыңғай тестілеу форматына сәйкес тест тапсырып, өз деңгейін тексеру мүмкіндік жасалған.

Бірыңғай кіру технологиясын қолдана отырып, тегін мобильді қосымшаның және интернет-ресурстың жеке кабинеті арқылы білім алушылардың цифрлық білім беру ресурстарына және электрондық оқулықтарға (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта), электрондық оқулықтарға қолжетімділігі бар.

Пәннің бейініне сәйкес «ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы АҚ ұйымдастырған «Робототехника және STEM» атты қайта даярлаудан Жекебаева Айжан курсынан өткен.

Кітапхана қоры

Кітапхананың қызметін ұйымдастыру барысында келесі нормативті құжаттар басшылыққа алынады: № 44 бұйрықпен бекітілген нормаларға және № 216 бұйрықпен бекітілген оқулықтар тізбесіне сәйкес оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының болуы.

Кітапхана жаңа оқу корпусында 3 қабатта орналасқан. Көлемі -60 м²
[пдф №59](#)

Мектептің ескі корпусында білім алушылар бос уақытында кітап оқу үшін «Коворкинг» бұрышы ұйымдастырылған.

Болжамды білім алушылар контингентіне арналған оқу жұмыс жоспарына сәйкес бір оқушыға арналған оқулықтар жиынтығының бар, толық қамтылған.

Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер: оқу-21699 кітап, көркем және ғылыми әдебиет-3500 кітап

Оқу жылдары	оқулықта р	сомасы	Көркем әдебиет/методикалы қ	сомасы
2022-2023	6723	15058738	74	709.005
2023-2024	4881	14127510	580	2039946
2024-2025	850	1860000	580	2039946

Әр білім алушыға берілетін кітап саны

сыныптар	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
саны	10	14	20	22	15	15	16	15	22	25	26

Кітапхана қорын пайдалану

Мектептептің кітапханасында оқулықтар жыл сайын бірінші тамыздан оқу сабақтары басталғанға дейін кешіктірілмей беріледі. Оқулықтар тиісті пәнді зерделеу мерзіміне – оқу жылының соңында міндетті түрде қайта тіркелу кезінде оқу жылына беріледі.

Мектептептің кітапханасында 1-4 сынып оқушыларына оқулықтарды беруді және олардың уақтылы қайтаруын мұғалімдер, 5-11сынып оқушыларына - сынып жетекшілері немесе тиісті пән мұғалімдері жүргізеді. Алынған әрбір оқулық үшін орта және ересек жастағы оқушы кітап формулярына қол қояды, оны кітапханашыға өткізеді. Берілген оқулықтар жазбасы бар кітап формулярлары оқушылардың оқырман формулярларында сақталады.

Оқу жылының соңында оқулықтар мектеп кітапханасына қайтарылған кезде кітапханашы сынып жетекшілерімен және пән мұғалімдерімен бірлесіп, қайтарылатын оқулықтың тазалығын қарап шығады. Алынған оқу құралының түгел тапсырылуын қадағалайды.

Мектептің оқушысын басқа мектепке ауыстырған кезде негізгі қордан алынған оқулықтар мен басқа да әдебиеттер осы білім беру мекемесінің кітапханасында қалады.

Қордың физикалық жағдайын және дұрыс орналасу тәртібін бақылау үнемі, ішкі жұмыс сағаттарында және санитариялық күндерде жүргізіледі. Кітапхананың кітап қорының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында құжаттарды жиынтық және жеке есепке алу жүзеге асырылады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының жүргізілуі

Оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендердің сыныптар бойынша саны және қолданыстағы -21699

Электрондық оқулықтарды пайдалану және қолданатын бала саны-395

Негізгі (көркем және қосымша әдебиет) қорының жалпы саны оның ішінде қазақ, орыс. Ағылшын тілдеріндегі басылымдардың саны - 3500 (қаз.-2418, орыс-980, ағыл.-102

Қосымша оқу - әдістемелік әдебиеттер, анықтамалық басылымдар, энциклопедиялар, сөздіктер, библиографиялық басылымдар саны-70

Оқу бағдарламаларына енгізілген классиктер мен қазіргі заманғы жазушылар шығармаларын қамтитын тұлғаның өздігінен дамуына арналған көркем әдебиеттер, қазақ әдебиеті (лирика, эпос, драма) шығармалары, фантастикалық жанр және әлем әдебиеттер қоры-538.

Білімнің барлық салалары бойынша ғылыми-публицистикалық басымдар, бағдарламалық және шолып зерделеуге, сыныптан тыс оқуға арналған деректі, тарихи және т.б. көркем әдебиеттер қоры-2872.

Педагогтерге арналған педагогикалық және әдістемелік басылымдар қорының саны-20. [қосымша №12](#)

2023 жылы мектеп кітапханаларына сатып алынған көркем әдебиеттер саны мен сомасы -1600000тенге, саны- 482 дана.

Кітапханада -2 компьютер, 2 принтер, интернет өткізілген.

Автоматтандырылған жүйеге мектептің кітапханасы қосылған жоқ.

Қорытынды: кітапхана қоры толық жинақталған: педагогикалық және әдістемелік басылымдармен, бағдарламалық көркем әдебиеттермен толтырылған. Білім алушылар оқулықтармен 100% қамтылған, кітап қоры үнемі электрондық оқулықтармен анықтамалармен, көркем әдебиеттермен толықтандырылып тұрады. МТБ талапқа сай қамтилған. Мектепте әрбір білім алушының кітапхана қорларына еркін қол жеткізуін қамтамасыз етілген.

Білім алушылардың білімін бағалау

Әрбір білім беру саласы бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (және оқу пәндері) тиісті білім беру деңгейінің үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес ББ бағдарламаларымен және МЖМБС талаптарымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі №189 бұйрығына,

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" бұйрыққа сәйкес №44 ОМ де білім алушыларды қорытынды аттестаттау жүргізіледі.

Оқушылардың қорытынды аттестаттауға дайындығында мынадай құрамдас бөліктермен бөлінеді: ақпараттық дайындық (қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу туралы ақпаратты толық көлемде меңгеру); пәндік дайындық (белгілі бір пән бойынша дайындық, әр түрлі күрделі деңгейдегі тест тапсырмаларын шеше білу); психологиялық дайындық (белгілі бір мінез-құлыққа дайындық күйі немесе ішкі көңіл-күй, мақсатты әрекеттерге бағдарлану, жеке тұлғаның дайындық процесінде және емтихан тапсыру жағдайында сәтті әрекет ету мүмкіндіктеріне бейімдеу).

Қорытынды аттестаттау емтихандарының хаттамалары

2022-2023 оқу жылындағы 11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау нәтижелері

сынып	орыс тілі %		алгебра және анализ бастамалары		Қазақ тілі%		дүние жүзі тарихы %		география %		шетел тілі		қазақстан тарихы %		Қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті %		Биология		құқық негіздері		физика		информ	
	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа
11 «А»	100	64,2	100	53,5	100	46,4	100	75	100	86,6	100	100	100	75	100	100	100	100	100	75				
11 «Ә»	100	53,8	100	53,8	100	69,2			100	57,1			100	84,6	100	100	100	100			100	63,6	100	75
Барлығы:	100	59,2	100	53,7	100	57,4	100	75	100	77,2	100	100	100	79,6	100	100	100	100	100	75	100	63,6	100	75

11-сыныптарда барлық пәндер бойынша білім сапа 76,3% үлгерім 100%. Пәндер бойынша қазақ тілі 57,4%, орыс тілі 59,2%, алгебра және анализ бастамалары - 53,7%; биология - 100%, ағылшын тілі-100%, география-77,2%, қазақстан

тарихы -79,6%, дүние жүзі тарихы - 75%, қазақ әдебиеті – 100%, орыс әдебиеті - 100% , құқық негіздері - 75%, физика – 63,6%, информатика - 75%

2022-2023 оқу жылындағы 9 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау нәтижелері

сын ып	орыс тілі %		алгебра %		Қазақ тілі %		биология %		география %		қазақстан тарихы %		шетел тілі %		физика%		информатик а%		химия%		Рус.лит	
	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа
9 «А»	100	59	100	59	100	56	100	42	100	67	100	100	100	100					100	100		
9 «Ә»	100	68	100	46	100	86	100	83			100	50	100	100	100	100	100	50				
9 «Б»	100	60	100	50	100	60	100	67			100	67	100	75	100	50	100	33	100	100		
9 «В»	100	52	100	56	100	56	100	50	100	56			100	100					100	100	100	100
Барлығы:	100	60	100	53	100	66	100	61	100	62	100	72	100	94	100	75	100	42	100	100	100	100

9-сыныптар барлық пәндер бойынша оқу үлгерімі 100%, білім сапасы 62% көрсетті.

Пәндер бойынша қазақ тілі 66%, орыс тілі 60%, алгебра - 53%; биология - 61%, ағылшын тілі-94%, география-62%, қазақстан тарихы -72%, орыс әдебиеті - 100% , физика – 75%,химия - 100%, информатика - 42%

2023-2024 оқу жылындағы 11 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау нәтижелері

сын ып	орыс тілі %		алгебра және анализ бастамалары		Қазақ тілі%		дүние жүзі тарихы %		география %		ағылшын тілі		қазақстан тарихы %		Қазақ әдебиеті %		Биология		физика		информ	
	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа
11 «А»	100	81	100	75	100	94	100	100	100	100	100	100	88			100	100	100	0	100	100	
11 «Ә»	100	83	100	50	100	73	100	100	100	67	100	0	100	65	100	100	100	100	100	100	100	
Барлығы:	100	82	100	63	100	84	100	100	100	84	100	50	100	77	100	100	100	100	100	100	100	

11-сыныптарда барлық пәндер бойынша білім сапа 85% үлгерім 100%. Пәндер бойынша қазақ тілі 84%, орыс тілі 82%, алгебра және анализ бастамалары - 63%; биология - 100%, ағылшын тілі-50%, география-77,2%, қазақстан тарихы -77%, дүние жүзі тарихы - 100%, қазақ әдебиеті – 100%, физика – 100%, информатика - 100%

Қорытынды: қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша білім сапасы былтырғы оқу жылымен салыстыра келгенде +9% өскені байқалады. Биология, қазақ әдебиеті пәндері көрсеткіштері 100% тұрақты, қазақстан тарихы пәні бойынша-2,6% түсіп кеткені байқалады.

2023-2024 оқу жылындағы 9 сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау нәтижелері


сын ып	орыс тілі %		алгебра %		Қазақ тілі %		биология %		география %		қазақстан тарихы %		шетел тілі %		физика%		химия%		қазақ әдебиеті%	
	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа	үлг	сапа
9 «А»	100	64	100	64	100	78			100	75			100	100	100	100				
9 «Ә»	100	67	100	52	100	76	100	100	100	83	100	83	100	100	100	100			100	75
9 «Б»	100	71	100	62	100	76					100	100	100	100						
9 «В»	100	65	100	48	100	69			100	77	100	60	100	50			100	100		
Барлығы:	100	67	100	57	100	75	100	100	100	78	100	81	100	87	100	100	100	100	100	75

9-сыныптар барлық пәндер бойынша оқу үлгерімі 100%, білім сапасы 74% көрсетті.


Пәндер бойынша қазақ тілі 75%, орыс тілі 67%, алгебра - 57%; биология - 100%, шетел тілі-87%, география-78%, қазақстан тарихы -81%, қазақ әдебиеті - 75% , физика – 100%, химия 100%

Қорытынды: қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша білім сапасы былтырғы оқу жылымен салыстыра келгенде +12% өскені байқалады. Ағылшын тілі пәнінен білім сапасы -7% төмендеген.

**Негізгі орта білім алушыларды қорытынды аттестаттау бойынша
диаграмма: (9 сыныптар)**



**Жалпы орта білім алушылардың қорытынды аттестаттау бойынша
диаграмма:**



**Әрбір білім беру саласы және тиісті білім беру деңгейіндегі оқу пәндері
бойынша оқушылардың дайындық деңгейі.**


№	Пән:	2022-2023оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
		Білім сапасы %	Білім сапасы %
Бастауыш мектеп			

	Тіл және әдебиет		
1	Орыс сыныптарындағы орыс тілі	86	80
2	Қазақ сыныптарындағы орыс тілі	83	78
3	Қазақ сыныптарындағы қазақ тілі	68	73
4	Орыс сыныптарындағы қазақ тілі	71	80
5	Шетел тілі (ағылшын тілі)	78	78
6	Математика	81	79
7	АКТ		
8	Цифрлық сауаттылық		
	Жаратылыстану		
9	Жаратылыстану	86	86
	Адам және қоғам		
10	Жаратылыстану	90	89
Негізгі мектеп			
	Тіл және әдебиет		
1	Орыс тілі	57	60
2	Орыс әдебиеті	57	64
3	Қазақ тілі және қазақ әдебиеті	58	58
4	Қазақ тілі	71	70
5	Қазақ әдебиеті	68	73
6	Шетел тілі (ағылшын тілі)	66	67
	Математика және информатика		
1	Математика	59	57
2	Алгебра	50	53
3	Геометрия	52	54
4	Информатика	85	83
	Жаратылыстану		
5	Жаратылыстану	73	67
6	Физика	57	61
7	Химия	60	60
8	Биология	83	66
9	География	59	63
	Адам және қоғам		
10	Қазақстан тарихы	69	67
11	Дүние жүзі тарихы	73	72
12	Адам және құқық	74	84
Жоғары мектеп			
	Тіл және әдебиет		
1	Орыс тілі	65	63
2	Орыс әдебиеті	64	73
3	Қазақ тілі және қазақ әдебиеті	56	73
4	Қазақ тілі	63	70
5	Қазақ әдебиеті	67	61
6	Шетел тілі (ағылшын тілі)	59	66


	Математика және информатика		
7	Алгебра және анализ бастамалары	47	54
8	Геометрия	54	54
9	Информатика	82	74
	Жаратылыстану		
10	Физика	63	59
11	Химия	48	57
12	Биология	63	62
13	География	68	68
	Адам және қоғам		
14	Қазақстан тарихы	67	70
15	Дүние жүзі тарихы	79	80
16	Адам және құқық	84	79

Қорытынды: 2022-2024 оқуы жылы мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беру оқу бағдарламаларын оқыту және игеру нәтижелерін салыстыра отырып, біз мынадай қорытынды жасай аламыз: Бастауыш мектепте «Тіл және әдебиет» саласында тұрақты, негізгі және жоғарғы буында оқушылардың білім пайызы +3% өскен. «Математика және информатика» саласында бастауыш буында математика пәні -2% - ға төмендесе, орта буында, жоғарғы буында тұрақты өскенін байқай аламыз. «Адам және қоғам» саласында бастауыш буында -1%-ға төмендеген, орта буында +2,3% - ға, жоғарғы буында тұрақты екенін байқай аламыз. «Жаратылыстану» саласында орта буында -3% төмендесе, жоғарғы буындағы оқушылардың білім сапасының +1,5% - ға өсуі байқалады.

Тиісті білім беру салалары бойынша нәтижелер динамикасының білім деңгейі




Тіл және әдебиет




Бастауыш, негізгі және жоғарғы мектеп оқушылары арасында «Тіл және әдебиет» саласындағы білім сапасының нәтижелерін көре аламыз. Бұл кестені талдай отырып, бастауыш мектеп оқушылары пәндер бойынша тұрақты нәтиже көрсетсе, негізгі мектеп оқушылары +3%, ал жоғарғы мектеп оқушылары +5,3% көрсеткенін байқай аламыз. Барлық білім беру сатыларында тілдік пәндер бойынша білім сапасының өсуі байқалады.

Математика және информатика



Бастауыш, негізгі және жоғарғы мектеп оқушылары арасында «Математика және информатика» саласындағы білім сапасының нәтижелерін көре аламыз. Бұл кестені талдай отырып, пәндер бойынша бастауыш мектеп оқушылары -2% төмендесе, ал негізгі және жоғарғы мектеп оқушылары тұрақты нәтижелерді көрсетті.


Жаратылыстану



Негізгі және орта мектеп оқушылары арасында "жаратылыстану" саласындағы білім сапасының нәтижелерін көре аламыз.

Осы кестені талдай отырып, бастауыш мектепте тұрақты, негізгі мектепте -3% төмендеу, жоғары мектеп оқушылары 61,5% көрсетіп +1% өсіп отыр.

Адам және қоғам



Бастауыш, негізгі және орта мектеп оқушылары арасында "адам және қоғам" саласындағы білім сапасының нәтижелерін көре аламыз.

Осы кестені талдай отырып, бастауыш мектепте -1% - ға төмендеу, негізгі мектеп САПАНЫҢ 2,3% - ға өсуін көрсетеді, жоғары мектеп осы санаттағы пәндер бойынша 76% тұрақты нәтиже көрсетеді.

2,3,4 сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып, үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау.

2022 – 2023 оқу жылында, алдыңғы оқу жылындағыдай 2,3,4 сыныптар үшін (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасын орындау мүмкіндігін ескере отырып, үй тапсырмасына қойылатын талаптар сақталды. Басшылыққа Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №182 бұйрығы бекітілді, ол Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында және орындау бойынша Әдістемелік ұсынымдарды бекітті. 1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізілмейді. Кері байланысты мұғалім түсініктемелер, қорытындылар және ұсыныстар арқылы жүзеге асырады, оқу тапсырмаларының мазмұны мен көлемі сабақтың мақсаттарымен немесе сабақ жүйесімен, оқу бағдарламасының тақырыптары бойынша жұмыс барысымен және білімді игеруге көмекші құралдарды тарту қажеттілігімен анықталады.

Оқу тапсырмалары оқу пәні бойынша сабақ кестесінде көрсетілген күні бір рет беріледі. Мұғалімнің оқу тапсырмасын ұялы байланыс арқылы дауыстық хабарламамен жіберуіне жол берілмейді.

2023-2024 оқу жылында да өткен оқу жылындағыдай 2,3,4 сыныптар үшін (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасын орындау мүмкіндігін ескере отырып, үй тапсырмасына қойылатын талаптар

сақталды. ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24-сәуірдегі №182 бұйрығымен Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау бойынша әдістемелік ұсынымдар бекітілді.

1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүргізілмейді.

Кері байланысты мұғалім түсініктемелер, орындалған жұмыс нәтижелері бойынша ұсыныстар арқылы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға қосымша. Үй тапсырмасының ұсынылатын көлемі (бір оқу күніне) оны орындау шығындарын ескере отырып, мыналардан аспайды: 2 – сыныпта – 50 минут, 3-4 сыныптарда – 70 минут, орыс тілінде оқытатын 2 – 4 сыныптар үшін үй тапсырмасын орындауға ұсынылатын уақыт. 5-6 сыныптарда – 90 минуттан, 7-9 сыныптарда 110 минуттан, 10-11 (он екінші) сыныптарда – 130 минуттан аспайды (бұйрыққа сәйкес ҚР БҒМ 2017 жылғы 24 сәуірдегі).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 «Білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген және формативті және жиынтық бағалаудағы талаптарды сақтау.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығы «Білім алушылардың білімін бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» сәйкес №44 орта мектепте де іске асырылады.

Осы білім алушылардың білімін бағалау критерийлері (бұдан әрі – критерийлер) «білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 – бабының 21-3) тармақшасына сәйкес әзірленді. «Білім туралы» олар меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды анықтайды.

Формативті бағалау – білім алушылардың сабақта, үйде білімін игерудің және дағдыларын қалыптастырудың ағымдағы деңгейін айқындайтын, білім алу барысында білім алушы мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты жүзеге асыратын, білім алушыларға жаңа материалды зерделеу кезеңінде тапсырмаларды қаншалықты дұрыс орындайтынын және оқыту мақсаттарына қол жеткізетінін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау;

Жиынтық бағалау – білімді игеру деңгейін анықтайтын бағалау және оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін зерделеу аяқталғаннан кейін білім алушылардың дағдыларын қалыптастыру;

2022-2023 оқу жылында педагогтар ұжымы білімді толықтыру жұмысын жалғастырды. Әр оқу жылының басында мектеп әкімшілігі

барлық пәндер бойынша білім алушылардың біліміне бақылау жүргізді. Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша: білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру үшін әрбір педагог пен мектептің жұмыс жоспарлары әзірленді. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыс жүйелі түрде жүргізілді.

Білім алушылардың оқу пәндері бойынша білім сапасына тұрақты мониторинг жүргізіледі.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды өтеу бойынша жұмысты ұйымдастырудың негізгі көрсеткіштері:

- 1) пәннің оқу бағдарламасы бойынша білімдегі олқылықтар;
- 2) оқу – танымдық қызметтің қалыптаспаған дағдылары;
- 3) табысты оқыту үшін қажетті тұлғалық қасиеттердің, дербестіктің, ұйымшылдықтың дамуының жеткіліксіз деңгейі;
- 4) эмоционалдық ыңғайсыздық.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс істеу алгоритмі:

- 1) бірнеше педагогтардың сабақтарды, оқу іс-әрекеттерін бірлесіп жоспарлауы (оқу материалын қайталау, бекіту, олқылықтарды жою үшін ең төменгі оқу тапсырмаларын орындау, қателерді талдау және жою бойынша оқу іс-әрекетін алгоритмдеу және т.б.);
- 2) оқу қызметі барысында сүйемелдеу және консультация беру;
- 3) бірінші сынып оқушылары мен осал балалардың психологиялық бейімделуін қамтамасыз ету;
- 4) оқу қызметіне ынталандыру (көтермелеу, табысқа жету жағдайларын жасау, оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандыру және т.б.);
- 5) білім алушылардың оқу қызметі мен жетістіктерінің мониторингі (білім алушылардан үнемі сұрау, оқу тапсырмаларының орындалуын тексеру, кері байланыс, өзін-өзі бағалауды жандандыру және т.б.);
- 6) қосымша сабақтар және өзара көмекті ұйымдастыру;
- 7) білім алушыға қолдау көрсету бойынша ата-аналармен жұмыс;
- 8) дербес тапсырмаларды орындау үшін қашықтықтан оқыту жүйесін пайдалану.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша жұмыста мұғалімдер білім алушының артта қалу себептерін анықтап, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және білімдегі олқылықтарды анықтады, білім алушының жеке қолдау көрсету қажеттіліктерін зерделеді. Жоғарыда келтірілген мәліметтер негізінде сараланған тапсырмаларды таңдаумен жеке оқу жоспарын әзірледі, тұрақты кері байланыс жүргізді. Педагог білім алушылардың білім беру қажеттіліктері мен жеке даму траекториясын ескере отырып, пән бойынша білім алушылардың білімін толықтыру алгоритмін әзірледі.

2023-2024 оқу жылында педагогтар мұғалімдерге, ата-аналарға және білім алушыларға көмек ретінде әзірленген нормативтік

құқықтық актілер мен әдістемелік материалдарға сәйкес бағалауды жүргізеді – "білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы);

- Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде орта мектеп үшін критериалды бағалау және құжаттау рәсімдері бойынша нұсқаулық;
- Бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау жөніндегі нұсқаулық;
- Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған Критериалды бағалау жөніндегі Нұсқаулық:оқу-әдістемелік құрал;
- Сыныптар, пәндер және тілдер бойынша формативті бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;
- Сыныптар, пәндер және тілдер бойынша жиынтық бағалау бойынша тапсырмалар жинағы;
- Сыныптар, пәндер және тілдер бойынша жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар. ТЖБ нәтижелері бойынша әрбір пән мұғалімі ҚР БҒМ 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығына сәйкес талдау жасайды.

БЖБ және ТЖБ нәтижелерінің үлгілері: білім олқылықтарының орнын толтыру, мысалы, тілдік пәндер сабақтарында педагогтер мынадай бағыттар бойынша практикалық жұмыс арқылы қамтамасыз етеді: тілдік материал; мәтін түрлері; мәтін стилі; әдеби материал.

Педагогтар әр сабақта білім алушыларды уақытылы қолдау, оқудағы прогресс, балаларды оқуға ынталандыру, білімдегі олқылықтарды анықтау және олардың оқу жетістіктерін көрсету мақсатында формативті бағалауды пайдаланады. Сабақтың міндетті элементі кері байланыс болып табылады, ол білім алушыны қолдауға бағытталған мұғалімнің іс-әрекетін түзетуге және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау.

МЖМБС сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар №44 орта мектепте инклюзивті білім беру талаптарын орындауы қамтамасыз етеді. Ұйымдастыру жұмыстары негізгі нормативтік құқықтық құжаттар басшылыққа алынады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы;

Қазақстан Республикасының 11.07.2002 ж. N343 заңы "Мүгедек балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы "Білім туралы".

Қазақстан Республикасының 27.12.2019 ж. № 293 – VI ҚРЗ Заңы "Педагог мәртебесі туралы"

Қазақстан Республикасының 18.11. 2015 ж. № 410-V ҚРЗ "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңы

Қазақстан Республикасының БҒМ бұйрығы 12.01.2022 ж. №6 "Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы". "Ұйымдарда психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы білім беру"

Қазақстан Республикасының БҒМ 31.10.2018 ж. № 604 бұйрығы "Барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы білім беру". ҚР БҒМ 31.08.2022 ж. № 385 Бұйрығы Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары, жалпы орта білім беру ...

Қазақстан Республикасының БҒМ 2020 жылғы 05.02. № 51 бұйрығы. Үлгілік оқу бағдарламасы ҚР БҒМ 2018 жылғы 20.09. № 469 бұйрығы. ЕББҚ қажет ететін балаларға арналған үлгілік оқу бағдарламалары.

Оқыту оқушының диагнозына байланысты жүзеге асырылады/ жалпы немесе арнайы бағдарлама / негізінен мектеп оқушылары жалпы білім берумен айналысады мұғалімдер сабақ жоспарын құрған кезде сараланған жоспарды қабылдайды.

**Білім беру талаптарында МЖМБС көзделген бағдарламалардың нәтижесі бойынша 4,9 сынып білім алушыларының нәтижелері
Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі**

№	сыныптар	Журнал бойынша оқушылар саны	Нақты қатысқан оқушылар саны	"5"	"4"	"3"	"2"	орташа балл	% оңтайлы баға
1	4 А	20	20	0	6	13	1	17	3
2	4Б	16	16	0	4	1	11	17	3
3	4В	15	14	0	4	10	0	20	4
4	4Г	21	21	0	7	13	1	18	3
5	4Ә	17	17	3	7	8	1	21	4
6	9А	16	12	0	4	3	0	36	3
7	9Ә	21	20	1	3	15	1	32	3
8	9Б	21	19	0	0	18	1	30	3
9	9В	23	21	0	6	15	0	33	3

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген «Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидалары».

Білім беру ұйымдарынан тәуелсіз сапаны жүйелі бақылау мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкестікке оқыту туралы мақсатында 2024 жылдың 4 наурызында 4,9 сыныптардың білім алушыларынан Астана қаласы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті кешенді тестілеу алды. [Қосымша №13](#)

IX. БІЛІМ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ Т.Б. САУАЛНАМАСЫ

Сауалнаманың нәтижесін талдау.

2023 -2024 оқу жылының білім беру процесіне қатысушылардың (педагогтар, білім алушылар, ата-аналар) араларында онлайн форматында сауалнама жүргізілді. Берілген критерийлер бойынша ұсынылатын мектептің қызметтеріне қанағаттандыру деңгейін анықтау үшін мониторинг құрастырылды.

Сауалнама мақсаты:- мектептің білім беру қызметінің сапасын көтеру;

-мектеп және қызмет тұтынушы аралығында қарым-қатынасты нығайту;

-Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін және оқу процесін ұйымдастыру барысында оңтайлы және төмен жақтарын анықтау;

-білім алушылардың ата-аналарының мектептің ұсынылған білім беру қызметіне қанағаттану деңгейін анықтау және білім алушылармен мектеп қызметкерлері мектепте ұйымдастырылған жағдайдың сапасына қанағаттануы;

-білім алушылар, ата-аналар, қызметкерлердің өтініштерін, шағымдарын, ұсыныстарын тіркеу.

Білім беру процесіне қатысушылар сауалнамасының нәтижесі

р/с	Респонденттер	нәтиже	баға
1	Білім алушылардың нәтижесі	Тізім бойынша-168 Сауалнамаға қатысқаны-160 (95,2%)	4
2	Педагогтардың нәтижесі	Барлығы-75 Сауалнамаға қатысқаны-62 (82,6%)	5
3	Ата-аналардың (занды өкілдері)	Тізім бойынша-168 Сауалнамаға қатысқаны-111(66%)	4

Қорытынды: білім алушылар сауалнама нәтижесі бойынша мектептің білім беру қызметіне қанағаттануы жоғары деңгейді көрсетті. Педагогтар мектепте ұйымдастырылған жағдайдың сапасына қанағаттануы жоғары деңгейді көрсетті; ата-аналар-ұсынылған білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейі жоғары болды.

X.КЕМШІЛІКТЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

1.Педагогикалық ұжымға білім беру сапасын көтеру үшін қызметті жүйелеу, білім беру сапаны көрсетілген деңгейден түсірмеуі қажет, саралау оқуытуды қамтасыз ету, білім алушылардың жеке

кабілетін дамыту үшін замануы әдістермен технологияларды пайдалану, дарынды оқушылармен жұмысты нығайту.

2.Білім алушылармен жаратылыстану-математика бағыты бойынша (алгебра, физика, химия) пәндерінің толық меңгермеген тақырыптарды меңгерту үшін кеңестік жұмыстарды тиімді ұйымдастыру қажет.

3.Дарынды оқушыларды анықтау үшін жұмыстарды жүйелеу және ұйымдастырылған жұмыстарды нәтижеге бағыттау.

4. Педагогикалық ұжымға оқушылардың оқу іс-әрекетіне мотивациясың көтеруге ықпал ету.

5.Білім алушылардың тұлға ретінде қалыптастыру үшін ата-аналардың педагогика және психология құзыреттілігінің нығайту.

6. Жас мамандарға өз пәні бойынша біліктілігін арттыруға жағдай жасау.

XI. ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫСТАР

Мектептің өзін-өзі бағалаудың талдауы 9 бағыт бойынша жүргізілді. Мектептің өзін-өзі бағалауы 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары және 2024-2025 оқу жылының қыркүйек айы аралығы алынды.

Педагогикалық, білім беру, педагогтардың, білім алушылардың, әкімшіліктің іс-әрекетін басқаруы қаралды. Педагогикалық процесі толық ғылыми-әдістемелік әдебиетпен қамтылуы, білім алушылардың қауіпсіздігі және балалармен қызметкерлерге жасалған жағдайы, материалдық-техникалық базасы қаралды.

Мектептің іс-әрекеті білім алушыларды қоғамдағы өмірге бейімдеу, кәсіби білім беру бағдарламаларын саналы түрде таңдау, азаматтыққа, еңбекқорлыққа, адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге, қоршаған ортаға, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, салауатты өмір салтын қалыптастыруда.

«Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 мектеп» ШЖҚ МКК Эксперттік комиссия өзін-өзі бағалаудың материалдарымен танысып шешім қабылдады:

*Оқу-тәрбие процесі және әдістемелік жұмыс құқық беруші, мектеп Жарғысы, құрылтайшы құжаттарға және Қазақстан Республикасының нормативті-құқықтық актілердің қойылған талабына сай ұйымдастырылған.

*Оқу-тәрбие процесі ББМЖМС-қа, Астана қаласы Білім басқармасы бекіткен жұмыс оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған.

*Кадрлық құрамының потенциалының көрсеткіштері- мектептің әкімшілігі кадрлық политиканы дұрыс жүргізуін көрсетіп тұр. Жас мамандар жаңа ортаға бейімделуне тәлімгерлер бекітілген. Педагогтардың аттестациядан өтуіне ықпал жасалған.

*Жоспар бойынша педагогикалық кеңес өтеді. Қаралатын тақырыптар өзекті, оқу-тәрбие процесіне байланысты. Жұмыс бір

жүйеде жоспарланған, мазмұнында оқу- тәрбие, әдістемелік бағытта қойылған. Педагогикалық кеңестің хаттамалары жазатын кітапша арналған.

*Мектепішілік бақылауда оқу-тәрбиеге байланысты өзекті мәселер қаралады және оңтайлы шешу жолдары қарастырылған.

*Даярлық тобындағы педагогикалық процессін жүргізі үшін жағдай жасалған

*Бейіналды және бейіндік оқыту мақсатында мектеп, кәсіби бағдар беру үшін ЖОО, колледждермен, белсенді қарым-қатынас жасайды. ЖОО меморандум жасалған.

*Дарынды оқушылармен жұмыс өз нәтижесін береді. Оқушылар олимпиада, жарыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болады.

*Мектепте тәрбие жұмысы тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, қоғамдағы өмірге бейімдеу, ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді.

*Үйірме мен факультатив сағаттардың жүргізуі қанағаттанарлық жағдайда.

*Үнемі ақпараттық-кітапхана қоры толықтырылып тұрады. №44 мектеп білім алушылары 100% оқулықтармен қамтамасыз етілген.

*Мектептің материалдық- техникалық базасы үнемі толықтырылып, жаңартылып тұрады. Мектепалды даярлық тобына арнайы кабинеті бар.

«Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 мектеп» ЖШҚ

ММ өзін-өзі бағалаудың нәтижесі

№	Бағалау критерийлері	Есептегіштер	Балл
1	Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтердің үлесі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат	100 %	5
2	Біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет көтерген/растаған педагогтердің үлесі (оның ішінде басшылар үш жылда кемінде бір рет)	95% -	4
3	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің (оның ішінде басшылардың, басшының орынбасарларының) кемінде үш жылда бір рет	100%	5
4	"Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы"ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылдың 22 қаңтардағы № 70		

	бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген)	100 %	5
5	ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылдың 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдай жасау "Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 болып тіркелген)	- 95%	4
6	"Орта білім беру ұйымдары үшін оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдар, орта білім беру ұйымдары үшін оқу-әдістемелік кешендердің тізбесін бекіту туралы" ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету, оның ішінде электрондық нысанда	100 %	5
7	Жас топтарының толымдылығының сәйкестігі (топтар ішінде)	100 %	5
8	Ата-аналардың сауалнамасының нәтижелерін талдау	100 %	5
9	Педагогтардың сауалнама нәтижелерін талдау	100 %	5
10	Оқушылардың сауалнама нәтижелерін талдау	100 %	5
11	Оқытудың нәтижесі (білім сапасын бағалау)	40%-64%	3
12	Педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер ұстаздардың жалпы үлесі (бастауыш- 54,5)	54,5%	5
13	Педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер ұстаздардың жалпы үлесі (негізгі ббм- 51,2; жалпы ббм- 75)	63%	5
	Барлығы		61

**Астана қаласы «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 мектеп»
ШЖҚ МКК**

Бағалау парағы

№	Бағалау критерийлері	Білім беру мекеменің бағалауының өлшемдерінің мазмұны	баллы
1	54-65	жақсы	61

Аттестаттық комиссия өзін-өзі бағалау бойынша педагогикалық ұжымның оқу-тәрбие және әдістемелік жұмыстарына талдау жүргізді. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары және 2024-2025 оқу жылының қыркүйек айы аралығы алынды.

Астана қаласы «Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 мектеп» өзін-өзі бағалау бойынша эксперттік комиссия мектептің педагогикалық ұжымның білім беру қызметінің материалдарын талдап шешімге келді: Мектептің өзін-өзі бағалауы 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары және 2024-2025 оқу жылының қыркүйек айы аралығы бойынша ұйымдастыру-құқықтық, нормативті-құқықтық, оқу-әдістемелік, қанағаттандырылған материалдық-техникалық, оқу-тәрбие процесі мамандармен қамтылған, білім беру мекемелерге қойылған талаптарға сай.

Мектептің өзін-өзі бағалауы 2024 жылы 28.08. педагогикалық кеңесте хаттамасы №1 қаралды, [Пдф2а](#)

Комиссия мүшелері, Қамқоршылық кеңесінің төрағасымен келісе отырып. Мектептің өзін-өзі бағалауы берілген критерийлер бойынша «жақсы» деп бағаланды және Қамқоршылық кеңестің шешімі шықты. [Пдф№2](#)

«Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектеп» ШЖҚ МКК өзін-өзі бағалауы комиссиясы:

Култаева Л.М.-директор, комиссияның төрағасы;

Жакенова Асель Айтқазиевна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

Алниязов Болат Тасмағанбетович – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

Дыбыспаева Нуржамал Шарабаевна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

Кулькеева Айжан Балтабаевна – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;

Сулейменова Алия Абуовна – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі


Кончиков Нуркен – директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары;

Асуханов Муса Исаевич – Қамқоршылық кеңесінің төрағасы;

Зампай Құралай – Кәсіподақ ұйымының мүшесі.

**«Рақымжан Қошқарбаев атындағы №44 орта мектеп» ШЖҚ МКК
өзін-өзі бағалауы комиссиясы:**


Култаева Л.М.-директор, комиссияның төрағасы; 

Жакенова Асель Айтқазиевна – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,
комиссия мүшесі; 


Алниязов Болат Тасмағанбетович – директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары, комиссия мүшесі; 

Дыбыспаева Нуржамал Шарабаевна – директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары, комиссия мүшесі; 

Кулькеева Айжан Балтабаевна – директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары, комиссия мүшесі; 

Сулейменова Алия Абуовна – директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары, комиссия мүшесі 

Кончехов Нуркен – директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары;

Асуханов Муса Исаевич – Қамқоршылық кеңесінің төрағасы; 

Зампай Құралай – Кәсіподақ ұйымының мүшесі. 